# ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

**Алматы қ.** **25 мамыр 2021ж.**

**Ғылыми кеңестің төрағасы,**
Буянский С.Г. – з. ғ. к., профессор
**Ғылыми кеңестің ғалым хатшысы,**
Салимбаева Р.А. – э.ғ.к., доцент
Қатысқандар: Ғылыми кеңестің 27 мүшесінің 26-ы

## КҮН ТӘРТІБІ

1. Оқу-әдістемелік басқарма мен Оқу-әдістемелік кеңестің 2020/2021 оқу жылындағы жұмыс қорытындылары және дамудың басым бағыттары туралы (Есеп және шешім. Баяндамашы: Оқу-әдістемелік басқармасының бастығы Н.В.Дальке).

2. Студенттік өзін-өзі басқару органдарының жұмысы туралы есеп (Есеп және шешім. Баяндамашылар: Студенттермен жұмыс жөніндегі Декан Д.М.Баймуханова, Студенттер кеңесінің төрайымы А.Онбаева).

3. Нархоз университетінде ғылыми студенттік іс-шараларды өткізу қорытындысы туралы (Есеп және шешім. Баяндамашы: ҒЗЖ бөлімінің бастығы А.С.Шенин).

4. Еншілес білім беру ұйымдарының 2020/2021 оқу жылындағы жұмыс қорытындылары және дамудың басым бағыттары туралы (Есеп және шешім. Баяндамашы: Нархоз университетінің экономикалық колледжінің бас директоры С.А.Сатаев).

5. Мектеп кеңестері жұмысының қорытындылары туралы (Есеп және шешім. Баяндамашылар: Мектеп декандары, Ғылыми хатшы Р.А.Салимбаева).

6. 2021/2022 оқу жылына арналған оқытудың барлық нысандары мен деңгейлері бойынша академиялық күнтізбелерді бекіту туралы (Шешім. Баяндамашы: Оқу-әдістемелік басқармасының бастығы Н.В.Дальке).

7. Әр түрлі

7.1 2021/2022 оқу жылына арналған оқытудың барлық деңгейлері мен нысандары бойынша ең төменгі ауысу балдарын (GPA) бекіту туралы (Шешім. Баяндамашы: Академиялық қызмет жөніндегі Проректор С.Ы.Умирзаков).

7.2 «Жалпы білім беру пәндері» ғылыми-білім беру департаментінің профессоры, ф.ғ.д. Тұрысжанова Роза Кималханқызының ҚР БҒМ беретін «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен марапаттауға ұсыныс беру туралы (Баяндамашы: «Жалпы білім беру пәндері» ғылыми-білім беру департаментінің директоры Л.Н. Гостенко).

7.3 Жазғы семестрді өткізу қажеттілігіне байланысты 2020-2021 жылдарға арналған «Қолданбалы қаржы» БББ академиялық күнтізбесіне

толықтырулар енгізу туралы (баяндамашы: Жоғары бизнес мектебінің деканы Г.Т.Абдикадирова).

7.4 «Нархоз Университеті» КЕАҚ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы мен бакалавриаттың білім беру бағдарламаларына қабылдау ережелерін бекіту туралы (Баяндамашы: Маркетинг және қабылдау басқармасының бастығы А.А.Кашкеев).

7.5 «Нархоз Университеті» КЕАҚ қашықтықтан оқыту технологияларын колдана отырып, қорытынды аттестаттау кезеңінде емтихандар өткізу регламентін бекіту туралы (Баяндамашы: Қашықтықтан оқыту орталығының директоры Г.Х. Булекбаева).

7.6 «Қаржы және деректерді талдау» ғылыми-білім беру департаментінің директоры, э.ғ.д., профессор Адамбекова Айнагүл Амангелдіқызының 50 жылдық мерейтойына арналған «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісімен марапаттау ұсынысы туралы (Баяндамашы: Экономика және менеджмент мектебінің деканы Д.Д.Гимранова).

7.7 «5В050800 – Есеп және аудит» №11 МАК құрамына өзгерістер енгізу туралы (Баяндамашы: Есеп, талдау және аудит» ҒБД директоры А.Д. Каршалова).

**Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша**
## ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

**1.** «Оқу-әдістемелік басқарма мен Оқу-әдістемелік кеңестің 2020/2021 оқу жылындағы жұмыс қорытындылары және дамудың басым бағыттары туралы» Оқу-әдістемелік басқармасының бастығы Н.В.Далькенің есебі бекітілсін және ОӘБ мен ОӘК жұмысы канағаттанарлық деп танылсын.

**1.1** ОӘБ бастығы **(Н.В.Далька)**:

1.1.1 Оқу жылының соңына дейін Ұлттық тізілімге жаңа және жаңартылған білім беру бағдарламаларын енгізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын.

1.1.2 2022 жылдың қаңтарына дейін Университеттің білім беру бағдарламаларына аудит жүргізу тетігін әзірлесін және енгізсін.

1.1.3 Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі жауапты тұлғамен бірлесіп 2021-2022 оқу жылы ішінде білім беру бағдарламаларын құру және басқару процестеріне сапа стандарттарының ережелері мен қағидаттарын енгізуді қамтамасыз етсін.

1.2 Осы шешімнің орындалуын бақылау Академиялық қызмет жөніндегі проректор С.Ы. Умирзаковқа жүктелсін.

**2.** Студенттермен жұмыс жөніндегі декан Д.М.Баймуханованың және Студенттер кеңесінің төрайымы А.Онбаева «Студенттік өзін-өзі басқару органдарының жұмысы туралы» есебі бекітілсін және жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

**2.1** Студенттермен жұмыс жөніндегі декан оқу жылының соңына дейін **«Let's talk Narxoz»** тікелей эфирлерін жалғастырсын.

**2.2** 2020-2021 оқу жылындағы 30.06.2021 ж. дейін әлеуметтік-тәрбие саясатын іске асыру жоспары талдансын.

**2.3** Мектеп декандары **(Д.Д.Гимранова, Юан Симпсон, деканның м.а. С. К .Утеулиев)** оқу жылының соңына дейін студенттердің әлеуметтік дамуы мен іс-шараларын ұйымдастырсын және белсенді түрде қатыссын.

**2.4**Мектеп декандарының даму жөніндегі орынбасарлары **(Г.Т.Казиева, А.Ж.Бернbackslashиязова, К.Кожахметова)** өз мектебі шеңберінде студенттік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау функциясын өзіне алып, студенттерді академиялық мәселелері бойынша шешімдерді талқылауға және қабылдауға шақырсын.

**2.5** Осы шешімнің орындалуын бақылау Академиялық қызмет жөніндегі проректор С.Ы. Умирзаковқа жүктелсін.

**3.** «Нархоз университетінде ғылыми студенттік іс-шараларды өткізу қорытындылары туралы» ҒЗЖ бөлімінің бастығы А.С.Шениннің есебі бекітілсін.

**3.1** ҒЗЖ бөлімінің бастығы **(А.С.Шенин)** оқу жылының соңына дейін Нархоз университетінде студенттік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмысты жалғастырсын.

**3.2** Мектеп декандары **(Д.Д.Гимранова, Юан Симпсон, деканның м.а. С.К.Утеулиев)** 2021-2022 оқу жылына Мектептің ғылыми студенттік қоғамын құру бойынша жұмыс жүргізсін.

3.3 Осы шешімнің орындалуын бақылау Академиялық қызмет жөніндегі проректордың орынбасары А.Ж.Райымжановаға жүктелсін.

**4.** Нархоз университетінің экономикалық колледжінің бас директоры С.А.Сатаевтың «Еншілес білім беру ұйымдарының 2020/2021 оқу жылындағы жұмыс қорытындылары және дамудың басым бағыттары туралы» есебі бекітілсін.

**4.1** Нархоз Университетінің Экономикалық колледжінің бас директоры **(С.А.Сатаев)**:

**4.1.1** 2021-2022 оқу жылына колледждің бейінін ескере отырып, жаңа классификаторға сәйкес жаңа басым мамандықтарды ашу бойынша жұмысты күшейтсін.

**4.1.2** Академиялық қызмет жөніндегі проректормен **(С.Ы.Умирзақов)**, Әскери кафедра бастығы **(О.Б.Айтказин)** және мектеп декандары **(Д.Д.Гимранова, Юан Симпсон, деканның м.а. С.К.Утеулиев)** 11-сынып, Нархоз университетінің экономикалық колледжін бітірген және «Нархоз Университеті» КЕАҚ-да күндізгі оқу түрінде оқуын жалғастырғысы келетін түлектер үшін 2 + 2 / 2 + 1 бағдарламаның тұжырымдамасын әзірлесін.

**4.1.3** Маркетинг және қабылдау басқармасының бастығымен **(А.А.Кашкеев)** Мектеп декандары **(Д.Д.Гимранова, Юан Симпсон,**

**деканның м.а. С.К.Утеулиев)** бірлесіп колледж түлектерімен профориентациялық жұмысын жүргізсін (2020, 2021 жж.).

**4.2** Академиялық қызмет жөніндегі проректор **(С.Ы.Умирзаков)** Оқу-әдістемелік басқармасының бастығы **(Н.В.Дальке)** Мектеп декандары **(Д.Д.Гимранова, Юан Симпсон, деканның м.а. С.К. Утеулиев)** бакалавриат деңгейінде игерілген кредиттерді қайта есептеу мүмкіндіктерін анықтау үшін колледждің оқу жоспарларын зерделеу бойынша жұмыс жүргізсін.

**4.3** Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**5.**«Мектеп кеңестері жұмысының қорытындылары туралы» Мектеп декандарының есебі бекітілсін және Мектеп кеңестерінің қызметі қанағаттанарлық деп танылсын.

**5.1** Мектеп декандары **(Д.Д.Гимранова, Юан Симпсон, деканның м.а. С.К.Утеулиев, Г.Т.Абдикадирова)** Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Мектеп комиссиясында қаралатын сұрақтардың қайталануын жою мақсатында Мектеп Кеңесінің жұмыс жоспарына тұрақты мониторинг жүргізсін.

**5.2** Осы шешімнің орындалуын бақылау ғылыми кеңестің Ғылыми хатшысы Р.А.Сәлімбаеваға жүктелсін.

**6.** 2021/2022 оқу жылына арналған оқытудың барлық нысандары мен деңгейлері бойынша академиялық күнтізбелер бекітілсін.

**7. Әр түрлі**

**7.1** 2021/2022 оқу жылына арналған оқытудың барлық деңгейлері мен нысандары бойынша ең төменгі ауысу баллдары (GPA) бекітілсін. 2021-2022 оқу жылына курстан курсқа көшіру бойынша GPA бекітілсін:

Мемлекеттік білім беру грантында оқитын бакалавриат студенттері үшін:

1 курстан 2 курсқа – **1,5**
2 курстан 3 курсқа – **1,67**
3 курстан 4 курсқа – **1,7**
Магистранттар үшін-**2,0**
PhD докоранттар үшін - **2,33**

Ақылы негізде оқитын студенттер үшін курстан курсқа ауысу бойынша GPA белгіленбейді.

**7.2** «Жалпы білім беру пәндері» ғылыми-білім беру департаментінің профессоры, ф.ғ.д., Роза Кималханқызы Тұрысжанованы ҚР БҒМ беретін «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен марапаттауға ұсынылсын.

**7.3** Жазғы семестрді өткізу қажеттілігіне байланысты 2020-2021 жылдарға арналған «Қолданбалы қаржы» БББ академиялық күнтізбесіне толықтырулар енгізілсін.

**7.4.** Өзгерістер мен толықтырулар енгізе отырып «Нархоз Университеті» КЕАҚ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасына және бакалавриаттың білім беру бағдарламаларына қабылдау ережесі бекітілсін.

**7.5**«Нархоз Университеті» КЕАҚ Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, корытынды аттестаттау кезеңінде емтихандар өткізу регламенті бекітілсін.

**7.6** «Қаржы және деректерді талдау» ғылыми-білім беру департаментінің директоры, э.ғ.д., профессор Адамбекова Айнагүл Амангелдіқызын 50-жылдық мерейтойына орай «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісімен марапаттау ұсынылсын.

**7.7** «Есеп, талдау және аудит» ҒБД аға оқытушысы Г.К.Сабырованың ауруына байланысты «5В050800 – Есеп және аудит» №11 МАК құрамына өзгерістер енгізілсін, Г.К.Сабырованың орнына аға оқытушы Г.А. Алимбекова енгізілсін.

**Ғылыми кеңестің төрағасы,**
**з.ғ.к., профессор** **С.Г. Буянский**

**Ғылыми Кеңестің ғылыми хатшысы,**
**э.ғ.к., доцент** **Р.А.Салимбаева**